| 1. | «Кибербуллинг зардаптары»*(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ішкі саясатпен байланыс | 08.01 |
| 2. | «Зорлық зомбылықсыз бала»*(«Оқуға құштар мектеп»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Құқықтық органмен байланыс | 15.01 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | «Өз құқығыңды білесің бе?»*(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Мектеп инспекторы | 22.01 |
| 4 | «Ұлттық мұрам-қазақ тілі» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | | 29.01 |
| | **СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА** | | | | | |
| 1 | «Мамандық менің болашағымның таңдауы *«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | 11А | Кездесу | Видео, суреттер | Әйтеке би көпсалалы колледжі | |
| | **АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС** | | | | | |
| 1 | «Мен әкеммен мақтанамын» | Әкелер, 11А | Кездесу | | «Әкелер» мектебі | |

## АҚПАН–ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

| № | Іс-шараныңатауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білімберу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік Органның атауы | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | |
| 1. | «Адам әдептілігімен әдемі»*(«Балалар кітапханасы» жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | | 05.02 |
| 2 | «Нашақорлыққа жол жоқ»*(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Тарихи ескерткіштер | 12.02 |
| 3 | «Этикалық құндылықтарды дамыту»*(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Мәдениет үйі | 19.02 |
| 4 | «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»*(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | | 26.02 |
| | | | **СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА** | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА** | | | | | | |
| 1 | «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» | 11А | Сыныптан тыс іс-шара | Іс-шара сценарийі | | |
| **АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС** | | | | | | |
| 1 | «Сабырлылық-асыл қасиет»( «Ата-аналар мектебі» жобасы) | Ата-аналар | Дөңгелек үстел | | «Ата-аналар» мектебі | |

## НАУРЫЗ–ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУайы

- *1наурыз–Алғысайтукүні*
- *8наурыз–Халықаралық әйелдер күні*
- *21, 22, 23наурыз–Наурыз мейрамы*
- *27наурыз –Дүниежүзілік театр күні*

| № | Іс-шараныңатауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын Мемлекеттік органның атауы | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | | |
| 1. | «Табысты тұлға»*(«Еңбегі ерен жас өрен»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ауылдағы беделді кәсіпкелермен кездесу | 04.03 |
| 2. | «Ана- тіршілік бастауы»*(«Ата-аналар мектебі»жобасы)* | Аналар, 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | | 11.03 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | «Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалана білейік»*(«Еңбегі ерен жас өрен»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | | 18.03 |
| ә<br>**СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА** | | | | | | |
| 1 | «Жарқ ете қалсам найзағай болып»*(«Еңбегі ерен жас өрен»жобасы* | 11А | Сыныптан тыс іс-шара | Іс-шара сценарийі | | |
| **АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС** | | | | | | |
| 1 | «Қарты бар үйдің қазынасы бар» | Ата-әжелер | Кездесу | Дөңгелек үстел | «Ауыл ақсақалдары» қоғамдастығы | |

## СӘУІР–ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

- *12сәуір –Ғылымкүні*

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік Органның атауы | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | | |
| 1. | «Ғарыш қырандары» *«Еңбегі адал жас өрен»жобасы* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | | 01.04 |
| 2. | «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» *(«Ата-аналар мектебі»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Аналармен кездесу | 08.04 |
| 3. | «Экология және біз»*(«Жеткіншектің жетіжарғысы» жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Экологтармен кездесу | 15.04 |
| 4 | «Өнегелі өмір» *эссе(«Жеткіншектің жеті жарғысы»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты Эссе жазу | Сынып сағатының жоспары, Эссе қорытындысын жариялау | | 22.04 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»*(«Еңбегі адал жас өрен»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі | 29.04 |
| | **СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА** | | | | | |
| 1 | «Жүрегім қазақ» жастарды ынталандыру және кәсіби бағыттау мақсатындағы кездесу | 11А | Кездесу | | Жастар ресурстық орталығы | |
| | **АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС** | | | | | |
| 1 | «Ұлттық тәрбие ұлт болашағы» *(«Еңбегі адал жасөрен»жобасы)* | Ата-аналар | Ата- аналар жиналысы | | | |

## МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- *1мамыр-Қазақстанхалықтарыныңбірлігікүні*
- *7мамыр-Отанқорғаушыларкүні –*
- *9мамыр-Жеңіскүні*
- *31мамыр-Саясиқуғын-сүргінжәнеашаршылыққұрбандарынескеалукүні*
- *Ақын,жазушы,философ,тарихшы,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына165жыл*

| № | Іс-шараныңатауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын Мемлекеттік органның атауы | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМҮДДЕ(ОТАН)** | | | | | | |
| 1. | «Ұмытылмас Ұлы жеңіс» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) )* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Ардагерлермен кездесу | 06.05 |
| 2. | «Медиаtime» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Аудандық музей | 13.05 |
| 3 | «Тағдырыңның кілті–өз қолыңда!» *(«Жеткіншектің Жетіжарғысы»жобасы)* | 11А | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | Түлектерге сәт сапар | 20.05 |
| | **СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА** | | | | | |

**2021-2022 оқу жылындағы 9 «А» сыныбының тәрбие жұмысының талдауы**

2021-2022 оқу жылында 9 «А» сыныбына сынып жетекшілік қызмет атқардым.

Сыныпта барлығы 20 оқушы;

Қызы:9; Ұлы: 11;

1 оқушы үйден оқиды- Н.Букенбаев

1 оқушы ерекше білімді қажет етеді - М.Тұрымбетов.

Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы.Жалдамалы пәтерде тұратын отбасы жоқ.

**Көп балалы отбасы:**

- Кентай Дулат
- Серікқалиқызы Махаббат
- Сабыржанқызы Амансұлу

**Тұл жетім(ата-анасы қайтыс болған) :** Букенбаев Н.

Сәтсіз отбасы жоқ.Аз қамтылған отбасы жоқ. Мектеп тарапынан барлық оқушы толық оқулықпен қамтамасыз етілді.

9 «А» класында барлығы төрт рет ата-аналар жиналысы болды. Жиналыстар «Баланың бас ұстазы ата-ана», «Бала тәрбиесіндегі ата - ананың рөлі», «Тәрбие-отбасынан басталады», «Тәрбие тал бесіктен» тақырыптарында өткізілді. Онда баяндамалар оқылды, ата-аналар комитеті сайланды, ситуациялық жағдаяттар берілді, әр түрлі тренингтер өткізілді. Және ағымдағы мәселелер бойынша оқушылардың оқу үлгерімдері, тәртіптері туралы айтылды. Ата-аналарды баланы емтихан кезеңіне дайындау және негізгі мемлекеттік емтиханды (ОГЕ) өткізу бойынша ақпараттық қамтамасыз ету; ата-аналардың педагогикалық мәдениетін дамыту; оқушыларды емтихан кезеңіне тиімді дайындау бойынша бірлескен шараларды қабылдау түсіндірілді. Ата-аналардың сынып жетекшімен тығыз байланыста болуы керектігі ескертілді.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған жоспар бойынша барлық шаралар өтті. **Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие** бағытында жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету мақсатында «Тәуелсіздік жетістіктері», «Жеткіншек және заң»6 «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының кейіпкерлері, «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» *Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл* , «Күй анасы - Дина Нұрпейісова»
«Суицид – қауіпті қадам»» тақырыбында жоспар бойынша тәрбие сағаттары өткізілді.
**Отбасылық тәрбие** бағыты бойынша отбасылық рөлдер туралы түсінік қалыптастыру, әлеуметтік-мәдени отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, өз отбасын, туған туысын құрметтеу, ата-анасын сыйлауды түсіндіру мақсатында «Отан отбасынан басталады», «Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты», «Ата-анам – алтын тұғырым» тақырыбында жоспар бойынша тәрбие сағаттары өткізілді.

**Рухани-адамгершілік тәрбие** бағытында «Тарих мұрасы» жобасы аясында«Алаштың ардақтысы –Әлихан Бөкейханов» ,«Қоғамға қызмет» жобасы аясында оқушылардың бойында адамгершілік, адалық, ар-ұят қасиеттерін дамыту мақсатында «қоғамға қызмет жобасы» барысында «Мейірімділік- ізгі қасиет» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
**Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие** бағыты бойынша балалардың бойында мәдениеттілік, эстетикалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Театр сабақтары» жобасыаясында «Әлемдік театрлар тарихы» тақырыбында виртуалды экскурсия жүргізілді.

«Өзін өзі басқару» фарматы негізінде Жаңа жыл -2022 мерекелік кеш ұйымдастырылды.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында оқушылардың дін туралы түсініктерін кеңейту мақсатында «Дін – тәрбиенің рухани тірегі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

**Ұлттық тәрбие** бағытында ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлға қалыптастыру мақсатында «Адам бойындағы асыл қасиеттер», «Адамгершілік рухани байлық», «Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында» тақырыптарында тәрбие сағаттары мен дөңгелек үстелдер өткізілді.
«Дәстүр мен ғұрып» жобасы негізінде «Көненің көзі асылдың сынығы...»тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.
**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** бағыты бойынша оқушыларға табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында«Еңбек - елдің мұраты» жобасы «Үнем – қоғам қуаты» жобасы «Егер сіз сау болғыңыз келсе, табиғатты қорғаңыз? », «Адам табиғаттың баласы», «Қалдықсыз өндіріс бұл-экологияны күту» тақырыбында тәрбие сағаттары және адал еңбекке тәрбиелеуге, еңбекқор болуға тәрбиелеу мақсатында «Ақша және ата-ана еңбегі?» атты дөңгелек үстел, «Мамандық таңдау – ертеңді ойлау» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.
**Интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу** бағыты бойынша қазақ халқының әдет-ғұрыптарын білуге, кітап оқуға қызығушылын арттыру мақсатында «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы асында бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушыларда толық ой қалыптастыру, пайдасы мен зиянын түсіндіру. Оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіру, шығармашылыққа баулу, өз ойларын тиянақты жете айта білуге, өздерін сабырлы әрі тәртіпті болуға, басқаны тыңдай білуге тәрбиелеу мақсатында ««Киберқауіпсіздік- уақыт талабы»» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** бағыты бойынша оқушы санасын тәрбиелеу, өз денсаулығына жауапкершілік сезімін нығайту мақсатында «Салауатты жастар – салауатты қоғам» атты тәрбие сағаттары өткізілді. «Дұрыс тамақтану» «Күнделікті позитивті ойлан!» Виртуалды квест-ойыны өткізілді.
Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.

Класс жетекшісі: Н.М.Ермаханова

**2022-2023 оқу жылындағы 10 «А» сыныбының тәрбие жұмысының талдауы**

10 «А» класында барлығы төрт ата-аналар жиналысы болды. Жиналыстар «Отбасындағы бала тәрбиесі», «Ата-ана, бала, мектеп», «Бала тәрбиесі-баршаға ортақ», «Оқу мен тәрбие егіз» тақырыптарында өткізілді. Онда баяндамалар оқылды, ата-аналар комитеті сайланды, ситуациялық жағдаяттар берілді, әр түрлі тренингтер өткізілді. Және ағымдағы мәселелер бойынша оқушылардың оқу үлгерімдері, тәртіптері туралы айтылды. Ата-аналардың сынып жетекшімен тығыз байланыста болуы керектігі ескертілді.

Мектеп ережесі мен мектеп формасы туралы толыққанды ақпарат берілді.Оқушының күн тәртібі алға тартылды.

Оқушылардың сабақтан тыс уақытта қатысатын үйірме және қосымша сабақтары туралы пікір алмасты.

Жалпы оқушы қауіпсіздігі (жолда жүру,көлік,өмір,суға шомылу) ескертілді.

Ата-аналардан бала қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп,қолхат алынды.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.
**Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие** бағытында Отанын сүю, азаматтығын мақтан тұту масатында білім күнінде «Терең білім, еңбексүйгіштік және Отаншылдық қасиет» атты тәрбие сағаты өткізілді. Республика күніне орай өз Отанының болашағына қызмет етуге тәрбиелеу мақсатымен «Қазақстан – ортақ үйіміз» атты тәрбие сағаты өткізілді. Халқымыздың тарихын білу, ұлы тұлғалардың ерлігін насихаттау, патриотизмге тәрбиелеу мақсатында А. Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты тәрбие сағаты өткізілді.
**Отбасылық тәрбие** бағыты бойынша өз отбасын, туған туысын құрметтеу, ата-анасын сыйлауды түсіндіру мақсатында «Отбасы құндылықтары», «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы», «Оқушы өміріндегі отбасының рөлі» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың ана туралы ой-өрістерін кенейте отырып, ізгі қасиеттерін қалыптастыру, сыйластыққа, сүйіспеншілікке, қамқорлыққа, мейрімділікке тәрбиелеу мақсатында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай оқушылар аналарының жұмыс орнына барып, құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.
**Рухани-адамгершілік тәрбие** бағытында оқушылардың бойында адамгершілік, адалық, ар-ұят қасиеттерін дамыту мақсатында «Адал өмір сүру абзал қасиет», еліміздің тарихи тұлғаларын құрметтеу мақсатында «М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарланы» және адам бойындағы моральдік, этикалық, мінез – құлық ерекшеліктерін ажырата білуге дағдыландыру; оқушыларды өз бойындағы қасиеттерді танып білуге, жетілдіруге ұмтылдыру кішіпейілділік, әдептілік, көмек беру– адамгершіліктің басты ұстанымдары екенін ұғындыра отырып, оқушылардың бойына адамгершілікті сіңіру мақсатында «Адам болам десеңіз» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.
**Көп мәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие** бағыты бойынша балалардың бойында мәдениеттілік, эстетикалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Қоғамдық орындағы этикет ережелері» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларға адамгершілік, ізеттілік, имандылық секілді құндылықтарды бойына сіңіру, дүниетанымдарын молайтып, ойлау қабілеттерін шыңдау, өз пікірін жеткізе білуге үйрету. Иманды ұл, инабатты қыз

болуға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Имандылық тәрбие негізі» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
**Ұлттық тәрбие** бағытында оқушыларды қазақ ұлтына тән имандылыққа, үлкенді сыйлауға, әдептілікке үйрету мақсатында «Толеранттылық – достық пен бірлікке апарар басты жол», «Сабыр түбі сары алтын» тақырыбында және оқушылардың халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тіл мәдениеті мен ой ұшқырлығына тәрбиелеу мақсатында Қазыбек бидің 355 жылдығына орай «Қаз дауысты Қазыбек би» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу. Тәуелсіздік бастауы-ызғарлы Желтоқсан оқиғасы екенін жете түсіндіру мақсатында «Желтоқсан тәуелсіздіктің бастауы» тақырыбында еске алу кешін өткізді.
**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** бағыты бойынша оқушыларға табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында «Табиғат қалай сенің жағдайың?», «Өрт кезіндегі шұғыл шаралар», «Қалдықсыз өндіріс бұл-экологияны күту» тақырыбында тәрбие сағаттары және адал еңбекке тәрбиелеуге, еңбекқор болуға тәрбиелеу мақсатында «Мамандық таңдап үлгердіңіз бе?» атты дөңгелек үстел, «Мамандыққа бейімділікті анықтау» тәрбие сағаты өткізілді.
**Интеллектуалдық тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу** бағыты бойынша оқушылардың экономикалық білімдерін тексеру, тиянақтау, одан әрі танымдылық қабілеттерін арттыру мақсатында «Қаржылық сауаттылық» атты тәрбие сағаты, оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, жасөспірімдердің қылмыстылығының қылмыстық сипаттамасын беру, қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстыру мақсатында «Қылмыстық жауапкершілік» тақырыбында дебат өткізілді.
**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты** бағыты бойынша оқушы санасын тәрбиелеу, өз денсаулығына жауапкершілік сезімін нығайту мақсатында «Нашақорлық ғасыр дерті», «Сіз ер жеттіңіз, бой жеттіңіз», «Дұрыс тамақтану мәдениеті», «Жыныстық қарым-қатынастың ерте басталуы» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
Мамыр айында сынып оқушылары аудандық кітапханада «Мейірімділік – асыл қасиет» атты ымырттағы кітапханаға қатыстырылды.
Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.



















Класс жетекшісі: Н.М.Ермаханова

**2023-2024 оқу жылындағы 11 «А» сыныбының тәрбие жұмысының талдауы**

11 «А» класында барлығы бес ата-аналар жиналысы болды. Жиналыстар «Адалдық-атадан қалған мұра», «Әке-асқар тау», «Тәлімменен өрілген біздің дәстүр», «Жақсы бала – ата-ана қуанышы», «Отбасы мен мектептің бала тәрбиесіндегі орны» тақырыптарында өткізілді. Онда баяндамалар оқылды, ата-аналар комитеті сайланды, ситуациялық жағдаяттар берілді, әр түрлі тренингтер өткізілді. Және ағымдағы мәселелер бойынша оқушылардың оқу үлгерімдері, тәртіптері, ұлттық тесттілеу туралы айтылды. Ата-аналардың сынып жетекшімен тығыз байланыста болуы керектігі ескертілді.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.

**Талап құндылығы бағытында төмендегідей тәрбие сағаттары өтті:**

Сыни және креативті ойлау,жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу,салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу,уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау бағытында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Болашағымның іргетасын бүгіннен бастап қалаймын» атты тәрбие сағатында оқушыларға еңбектің маңыздылығы туралы айтылып, қоғамдағы еңбек мәселесі толықтай талқыланды. «Денсаулықтың 6 шарты-таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл күй, күйзеліске түспеу» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар денсаулықтың маңыздылығын және тамақтану туралы ақпараттарды алды. «Этикалық құндылықтарды дамыту» атты тәрбие сағатында өздерінің жеке бас құқықтары туралы пікірлерін ортаға салып, әңгімелесу түрінде өтті. «Мамандығым - мақтанышым» тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылар өздерінің ұнатқан мамандықтарын таныстырып, ой бөлісті, басқа да жаңа мамандықтар туралы мәліметтер алды. «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» тақырыбында тәрбие сағатында оқушылар зиянды әдеттерден аулақ болып, олардың денсаулыққа әсерін түсінді. «Медиа time» тақырыбындағы тәрбие сағатында оқушылар казіргі заманғы компьютерлік технологиялар туралы өз білгендерімен бөлісіп, қажетті ақпараттарды тиімді пацйдалану керектігін әңгімелеу барысында айтып берді. Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» тәрбие сағатында оқушылар уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау туралы мәліметтер алды. «Табысты тұлға», «Тағдырыңның кілті–өз қолыңда!» тәрбие сағаттары оқушыларды білуге, жаңаны тануға құштар болуға, физикалық белсенді болуға тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

**Ар-ұят құндылығы бағытында төмендегідей тәрбие сағаттары өтті:**

Академиялық адалдық қағидатын қолдау, халқына адал қызмет ету, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу; өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну мақсатында тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылармен жұмыстар жүргізілді.

«Адалдық – ардың ісі» атты тәрбие сағатында оқушылар адалдық қасиеті, оның адам бойындағы жақсы қасиет екендігін анықтап білді. 8 қазан - Ұстаздар күніне орай «Ұстаз мектеп жүрегі» тақырыбында болашақ түлектер мерекелік концерттік бағдарлама өткізді. «Парасаттылық - адамдықтың бастауы» тақырыбындағы тәрбие сағатында оқушылар тәрбие туралы мағлұмат алып, отбасындағы тәрбие, дәстүр мәселесінде өз ойларымен бөлісті. «Отбасы шағын мемлекет», «Отбасы–тәрбиенің алтын қазығы» тәрбие сағаты аясында ата-ананы құрметтеу бағытында өз ойларын

айтып, отбасында олардың орны туралы, отбасындағы дәстүр туралы әңгімелесу жүргізді.  8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана-өмірдің шуағы» тақырыбынды аналарына мерекелік кеш дайындап, өздерінің ыстық ықыластарын білдірді..

«Өнегелі өмір» ілімі тәрбие сағатында халқына адал қызмет ету, әдеп нормаларын ұстану,шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну туралы мәлңмет берілді. «Тағдырыннның кілті – өз қолында» тәрбие сағаты оқушылар өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну мақсатында өткізілді. «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тәрбие сағатында академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу; халқына адал қызмет ету, әдеп нормаларын ұстану туралы түсіндірілді.

**Ұлттық мүдде (Отан)құндылығы бағытында төмендегідей тәрбие сағаттары өтті:** Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу,қоғам игілігі үшін қызмет ету. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, Ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында көзделген тәрбие сағаттары өтті.

1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім  мекені» тақырыбында білім күніне орай ашық тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылардың жаңа оқу жылына мақсаттары айқындалып айтылды. «Ұлы даланың ұлтаралық тілі», «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ ойдың азығы» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету тәрбие сабағы қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында өткізілді.

«Тарих-ғасырлар куәсі», «Тарихқа тағзым» жобасы тақырыбындағы тәрбие сағаттарында оқушылар ұлттық құндылықтарға баса назар аударды. «Қаламынан жыр тұнған» туған өлке ақындарының шығармалары, «Тәуелсіздік - тұғырым», «Желбіре жеңіс жалауы!» тәрбие сағаттарында оқушылар патриоттық тәрбиеге байланысты оқушылар ақпарат алып, өз ойларымен бөлісті.

Аудандық кітапханаға барып оқушылар әр түрлі шараларға қатысты.

















Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.

Күтілетін нәтиже межесіне жетті.Биылғы мектеп қабырғасынан ұшқан шәкірттеріміз ата-анасын сыйлайды,перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» ,тектілік ұғымдарының маңызын біледі.Отбасы татулығы мен берекесін құрметтейді.

Тұратын ауласын,ортасын таза ұстайды,табиғатқа жанашыр бола біледі.

Отаншыл,мемлекетшіл,намысшыл,халқына адал еңбек етуді,ұлттық мәдениетті құрметтейді.Салт-дәстүрлерді біледі және оны сақтайды.

Достарына,отбасы мүшелеріне қамқор бола біледі.

Сынып жетекшісі: Н.М.Ермаханова